

**Құрманғазы аудандық ауруханасының қызметкерлеріне «сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау» бойынша түсіндіру жұмыстары
отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Құрманғазы ауылы

21 мамыр 2025 жыл.

Өткізу орны: Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылы, Шафхат Бекмұхамедов көшесі 9, Құрманғазы аудандық орталық емханасының мәжіліс залы.

Төраға: Директордың у.м.а. А.Б.Тулегенова

Қатысушылар: Медицина қызметкерлері,

Отырыстың хатшысы: Э.Г.Мұғалім –заңгер, комплаенс офицер.

Күн тәртібі:

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау және комплаенс офицердің түсіндіру жұмыстары

Бүгінгі кездесудің мақсаты — біздің мекемеміздегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және оларды төмендету бойынша ішкі талдау нәтижелерімен бөлісу, сондай-ақ комплаенс офицер ретінде өзімнің түсіндіру жұмысымның негізгі бағыттарын баяндау.

1. Сыбайлас жемқорлық және оның тәуекелдері

Сыбайлас жемқорлық — бұл мемлекеттік қызмет пен жеке мүдделерді айқындаудағы заңсыз әрекеттердің бірі. Ол қоғамымыздың дамуына, мемлекеттік басқарудың тиімділігіне және тұрғындардың сеніміне кері әсерін тигізеді.

Біздің аурухана қызметінде де сыбайлас жемқорлыққа байланысты тәуекелдер болуы мүмкін. Бұл:

- Медициналық қызмет көрсету кезінде кезек пен сапаны бұзу;
- Құжаттарды рәсімдеудегі қателіктер мен деректерді бұрмалау;
- Мемлекеттік сатып алу және қаржылық есептіліктегі заң бұзушылықтар;
- Қызметкерлердің өкілеттіктерін асыра пайдалану.

2. Комплаенс офицердің түсіндіру жұмыстарының негізгі бағыттары

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында қажетті ақпарат беру, заң талаптарын түсіндіру және тәуекелдерді төмендету бойынша ұсыныстарды жеткізу.

Негізгі бағыттар:

- Заңнамалық талаптар мен этикалық нормаларды сақтау;
- Мүдделер қақтығысын болдырмау;
- Қызметтік тәртіп пен жауапкершілікті арттыру;
- Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу және жетілдіру;
- Ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету.


4. Қызметкерлерге ұсыныстар

- Қызметтік міндеттеріңізді мұқият орындаңыздар, заң талаптарын қатаң сақтаңыздар;
- Егер қандай да бір сыбайлас жемқорлық әрекетін байқасаңыз, оны хабарлаудан қорықпаңыз;
- Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда міндетті түрде хабарлаңыз;
- Барлық рәсімдер мен құжаттарды ашық және дәл орындаңыз;
- Комплаенс қызметімен байланысып, кеңес алуға әрқашан дайын болыңыздар.

Қорытынды

Барлық қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымы – біздің ауруханамыздың беделін көтеріп, қоғам алдындағы сенімді нығайтады. Бірлескен күш-жігермен біз таза, адал және әділ жұмыс ортасын қамтамасыз ете аламыз.

Хатшы:



Э.Г.Мұғалім